

Қатысқандар:

Г.А.Хабиденова-мектеп директорының м.у.а

Ж.Ермахашева-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Ж.Мукашева -директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,

Б. Рахымғали-әлеуметтік педагог

Ж.Кулманова- қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Ж.Мұратқызы- мектеп медбикесі

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасының жай -күйін тексеру, тамақтың сапасы, оқушылардың қамтылуы

Тыңдалды:

Гулимжан Хабиденова- мектеп директоры 1-ші мәселе бойынша мектеп асханасының жай-күйін қатаң бақылауда ұстауды,оқушылардың талапқа сай тамақтануын, ас мәзірінің тиісті мөлшері бойынша дайындалуын, ең бастысы тазалықты қатаң сақтаудың талап етілетінін айтты.Тамақ сапасы тиісті мәзір бойынша дайындалып күнделікті қадағаланып отырады,оған жауапты мектептің әлеуметтік педагог Рахымғали Балерке. Күнделікті ас мәзірі бекітіліп ілініп,отыр, сонымен қатар №64 қаулы бойынша мектепшілік тізімде тұрған 5-11 сынып оқушылары, арасынан 39 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Балерке Рахымғали -әлеуметтік педагог: комиссия мүшелері тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөнінде комиссия мүшелерін жоспар бойынша жүргізді.Мектеп оқушыларының сапалы тамақтануын қадағалау мақсатында асхана тазалығы тексерілді.Қоймадағы азық-түліктердің нормаға сай екені анықталды.Беріліп жатқан тағамдардың шығуы мен бағасының ас мәзірі стандартқа сай және олардың дәмі мен сапасы жақсы екені анықталды.

Мұратқызы Жаннат-мектеп медбикесі 1-4 224 оқушы , 5-11 39 оқушылардың дұрыс тамақтануы үшін жұмыстанып келеміз.Асхана тарапынан бүгінгі күнге дейін кері пікір болмаған.Барлығы талапқа сай. Асхана қызметкерлері арнайы таза киіммен жұмыс істеуде. Барлық қызметкерлердің жеке медициналық кітапшалары бар, уақытылы тексеруден өткен.Тоңазытқыштарда температуралық режим сақталған, тағам қалдықтары уақтылы шығарылады.

Комиссия мүшелері асхана тамақтарының сапасын тексере келе мынадай шешімге келді.

1.Мектеп асханасында дайындалатын және сатылатын өнімдердің сапасы талапқа сай деп саналсын

2.Асхана тазалығы санитарлық нормаға лайықты деп табылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы



Ж.Кулманова

Әлеуметтік педагог



Рахымғали Б